

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 қазандағы N 1025 Қаулысы

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы өндірістік қуаттарының қосымша жүктемемен жұмыс істеуі және оның еншілес ұйымдарын дамытуды жеделдету, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде пайдаланылмайтын қосылған құны жоғары әскери техниканы сату мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес әскери мүлікті "Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беруді жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 5 қ а з а н д а ғ ы
N 1 0 2 5 қ а у л ы с ы н а
қосымша

"Қазақстан инжиниринг" (Kazakhstan Engineering)" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталына берілетін әскери мүлік

P/c N	Атауы	Саны	Санаты
1	Танк Т - 72	150	2
2	Танк Т - 72	30	4
3	Бронетранспортер БТР-70	40	4
4	Әскери барлаудың шолғын		

	машинасы БРДМ-2		25	4
5	Жеңіл бронды әр түрлі мақсатқа арналған сүйреткіш МТЛБ		30	2
6	Жаяу әскердің жауынгерлік машинасы Б М П - 1		1 0 2	4
7	Жаяу әскердің жауынгерлік машинасы Б М П - 1		3	2
